

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 16 қараша N 480-I

1-бап. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1992 ж., N 23, 560-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; N 20, 252-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; N 22, 334-құжат; 1998 ж.,

N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

13-баптың екінші бөлігінде:

1) тармақшада "ең төмен жалақы" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.